



## БҮЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

01.09.2022 № 35

Қошқарбай ауылы

Оқушыларды ыстық тамақпен  
қамтамасыз ету туралы

село Қошқарбай

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қарағанды облыстық маслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы XLIV сессиясының «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» № 588 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» № 598 бұйрығына сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 жылғы № 235 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып)

**БҮЙЫРАМЫН:**

1. 2022 жылғы 1 қыркүйегінен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сынып және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 1-11 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс ұйымдастырылсын.

2. Ереженің 2-тарау 2-тармағының 22-тармақшасына сәйкес білім алушылардың жасына байланысты тағамдарды, сондай-ақ үлестерінің массасын граммен көрсете отырып, перспективті мәзір бекітілсін. Перспективті мәзірді бекіту кезінде осы бұйрықтың 1,2 қосымшаларға сәйкес 1-4 сыныптың білім алушылары үшін және халықтың әлеуметтік осал топтарынан 5-11 сыныптардың білім алушылары үшін әзірленген ұсынылатын бірінғай мәзір пайдаланылсын.

3. Білім алушыларды ыстық тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша:

- 1) Ыстық тамақтандыру уақыты күн сайын 3 сабақтан соң үлкен қонырауда (11.00-11.15) ұйымдастырылсын.
- 2) 1-4 сынып білім алушылары үшін ыстық тамақ беру жеке уақытта (10.05-10.20) өткізілсін.
- 3) Ыстық тамақтандыру кезінде талапталардың сақталуын қадағалау әлеуметтік педагог Г.М.Оспанова мен медбике Р.Қарибаеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрықтың орындалысы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Келдибековаға жүктелсін.

Мектеп директоры

А.Н.Суюндыков

Таныстым:

Орын А.Қасымова  
50-5-77